

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

«Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?» [5. 31], -

деп дәрменсіз әйел үш мәрте қайталайды. Өлеңнің басында, ортасында, соңында осылайша үш рет қайталау арқылы ақын айтқысы келгенін әсірелейді, сөздің әсерін күшейтеді, кейіпкер сағынышын ұлғайтады. Негізгі идеяны сол шумақ арқылы жинақтап жеткізеді.

«Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында лирикалық туынды табиғатына мынадай анықтама берілген: «Кез келген сезіну мен толғаныс лириканы тудыра алмайды, әлеуметтік толғаныстар лириканы тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады» [7. 351]. «Орамал» лирикалық шығармасының жазылуына Мағжан өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік толғаныстар ықпал еткенін түсінеміз. Өлеңде сүйген жарын сағынған зарыққан әйел мен майдан жұмысына аттанып кеткен қазақ жігітінің ақыры қосылғаны, не қосылмағаны туралы айтылмайды. Лирикалық туындының осылайша жұмбақ күйінде қалғаны оның көркемдік-эстетикалық әсерін төмендетпейді. Шағын өлеңнің ішінде екі сүйгеннің қосылуын көрсетуді Мағжан мақсат етпейді. Орамал символымен автор екі адам арасындағы шынайы сезімнің, риясыз махаббаттың, қимас көңілдің, қайғыға душар болған көңілдің, сарғайтқан сағыныштың, үзілмеген үкілі үміттің, берік сенім мен серттің, адалдықтың нышаны мен белгісін байқатқан.

**Ғылыми мақала 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР1487700415 – «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексті және жаңа ғылыми парадигма» жобасын іске асыру аясында дайындалды.*

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы Ахмет. Шығармалары – Сочинения. Он екі том. Әдебиет танытқыш. Қазақ тілінде / Ахмет Байтұрсынұлы. – Астана: «Алашорда» ҚҚ, – 2022. Т. IX: – 592 б.
- 2 Ахметов З. Асыл сөз арнасы: Зерттеу, сұхбат, сын // Құраст. Оразбек М., Зәкиұлы. – М. – Алматы: «Арда», 2008. – 400 б.
- 3 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы // Кітапта: Классикалық зерттеулер: көп томдық. – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2013. Т. 15: Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 б.
- 4 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым, 1996. – 304 б.
- 5 Жұмабаев М. Шығармалар. 3 томдық, 2-т. – Алматы: Білім, 1995. – 208 б.
- 6 Елеуқенов Ш. Мағжан (Өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1995. – 384 б.
- 7 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.

ӘОЖ 82.512.122.09

АБАЙДЫҢ МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ – ЗӘКИ АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Қадылбек А.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана қ., Қазақстан

**Ғылыми жетекшісі: Л.Н. Гумилев атындағы*

ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.к. Қорғанбеков Б.

E-mail: aray.kadylbek@gmail.com

Аннотация. Стихотворения Абая, посвященные теме любви, немногочисленны. В жанровом понятии любовная лирика разнообразна, бесценна для казахского искусства слова, продолжает западные и восточные традиции. Изучение произведений Абая началось с публикаций, написанных

представителями интеллигенции Алаш. М. Ауэзов положил начало научному исследованию произведений Абая. Благодаря М. Ауэзову наследие Абая стали изучать глубоко и всесторонне. Любовная лирика была отдельной темой для изучения лишь в немногих трудах по литературоведению. В монографии ученого З. Ахметова «Абайдың ақындық әлемі», являющейся ценным исследованием, любовная лирика Абая изучалась с научной точки зрения. В статье дается обзор работы З. Ахметова и анализируются его научные взгляды посвященные любовной лирике Абая.

Ключевые слова: любовная лирика Абая, творчество Абая, изучение произведений Абая.

Abstract: Abai's poems dedicated to the theme of love are few in number. In the genre concept, love lyrics are diverse, invaluable for the Kazakh art of words, continues Western and Eastern traditions. If the study of Abai's works began with comments on articles written by the Alash intelligentsia, then M. Auezov paved the way for a more in-depth study of Abai's works. Thanks to M. Auezov, Abai's works began to be studied comprehensively. However, Abai's love poetry did not become a separate topic for study, and lyricism is often mentioned in general works. Thus, the work «Абайдың ақындық әлемі» («The poetic world of Abai») written by literary critic Z. Akhmetov is a valuable study. The article provides an overview of Z. Akhmetov's work and analyzes his scientific views on Abai's love poetry.

Key words: Abai's love lyrics, Abai's creativity, study of Abai's works.

Абайдың махаббат тақырыбына жазған өлеңдері санаулы. Осы санаулы өлеңдердің өзі жанрлық-стадиялық тұрғыдан біртектес емес. Абайдың махаббат лирикасы оның батысқа да, шығысқа да қатысымен, қазақтың төл сөз өнерін айқындауымен аса құнды.

Абайдың махаббат лирикасында орта ғасырлық сопылық иллаһи махаббат та, қазақ фольклорынан бастау алатын кіршіксіз идеал бейне үлгісінде өрнектелетін аруға деген ынтызарлық қатынасты бейнелейтін үлгі де бар. Сонымен бірге күнделікті өмірде өзгеге жариялай бермейтін, жүрек түкпіріндегі ешкімге айтылмас сыр сезімдерді жария ететін Еуропа әдебиетінің де үлгісі бар. Сондықтан Абай шығармаларының ішінен махаббат тақырыбындағы өлеңдерді бөліп алып зерттеудің маңызы зор.

Абай шығармаларын зерттеу, пікірлер айту Алаш зиялыларының жазған мақалаларынан басталса, одан кейінгі негізгі жолды салып берген М. Әуезов еді. Әуезов салған ізбен Абай шығармалары әртүрлі қырынан зерттеле бастады. Десе де дәл осы махаббат лирикасын бөлек тақырып етіп алып зерттеушілер көп емес, көбінесе Абайдың бұл тақырыптағы өлеңдері жалпы шығармаларының ішінде талданып, аталып өтіледі. Сондықтан да ғалым З.Ахметовтың “Абайдың ақындық әлемі” еңбегінде ақынның махаббат лирикасына бөлек тарау арнауы аса құнды зерттеу болып табылады.

Ғалым сөз басында Абайдың махаббат тақырыбындағы өлеңдерінің тақырыбы, көркемдік ерекшелігі тұрғысынан сан алуан екендігін атап өтеді: «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол» таза махаббат сезімдерін қастерлейтін өлеңдер болса, «Мен сәлем жазамын» – ғашығына деген сағыныш сезіміне толы мұңды өлең. Ал «Қор болды жаным» тіпті сағынышты, зарлы өлең деуге лайық, бірақ қайғы мен үміт аралас келеді [1. 102]», - дейді.

«Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі» өлеңдері – хатпен жауаптасу үлгісінде жазылған өлеңдер. Бұл Абайдың қазақ жастарының арасында айтыла бермейтін сезімдерін жарыққа шығарған, ашық жырлаған туындылары. Бұл туралы М.Әуезов: «Айттым сәлем, қаламқаста» жігіттің қызды қадірлей білгенін көреміз. Қазақ әйеліне Абай тең тіл бітірмек [2. 57-58]», - дейді. Абай заманында қазақ қыздарының теңдігі, әйел еркіндігі өте өзекті мәселе еді. Сондықтан да ғашық жігіттің тілегіне қазақ қызының өз ойын қысылып-қымтырылмай ашық айта білуі – Абайдың осындай болса екен немес осыдан үлгі алса екен деген мақсатынан туындаған деуге болады. Бұл туралы З.Ахметов пікірі М.Әуезов ойымен сабақтасады: «Мұны сахарада еркін өскен, адал, ашық мінезді жастардың көлгірсімей көңіл білдіру, өзара сыр ашу салтына лайық сөздер деп қарағанымыз жөн бе? Әлде өмір көрген, жастық дәуренді басынан өткізген ақынның ғашықтардың ұяң болмай, еркін болғанын құптағаны дейміз бе? Абай жігіт пен қыздың осы сөздерін сырт көзге білдірмей сүйгеніне ғана айтса болды демей, әнге салып айтса жарар деуі тегін емес болар. Қалайда, «Көзімнің қарасы», әсіресе «Қызарып,

сұрланып» атты өлеңдердегі қысылып, қымсыну, пәк мінезділік мұнда байқалмайды [1. 105]». Ғалым «Қыз сөзіндегі» «Сіз – бір сұңқар», «Біз – қырғауыл, сіз тұйғын» метафораларына тоқталған. Бұлар халықтық поэзия үлгісімен үндессе:

Сіз – жалын шок, біз – бір май,
Ыстық сөзің кірді ішке,

Май тұра ма шыжымай?! [3. 100-101], – деген салыстырулардың Абай өз жасампаздығымен ойлап тапқан, бірақ қабылдауға жағымды тіркестер екендігін атап өтеді. Абайдың махаббат лирикасын талдауда осылайша тек мазмұнына ғана үңілмей, көркемдеп ерекшеліктерін де айқындап отырған. «Көзімнің қарасындағы»:

Исің гүл аңқыған,
Нұрың – күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,

Сүйегім балқыған [3. 131], - деген жолдардағы әсірелеулер мен айшықты метафоралар да ауызша поэзияға лайық бейнелеу тәсілі екендігіне тоқталып өтеді.

«Қызарып, сұрланып» – Абайдың махаббат лирикасындағы ғашықтардың шынайы нәзік сезімін, құпиясын сыршыл көркемдікпен сипаттаған өлеңдерінің бірі. Бұл туралы З.Ахметов: «Қызарып, сұрланып» екі ғашықтың кездесуін бейнелеудегі әдемі психологизм, олардың көңіл күйін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі көркемдік шеберлігімен айрықша көз тартады [1. 108-109]», - дейді. Өлең шумақтарына көз жіберсек:

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып,
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып;

Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері,
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері;

Жанында жапырақ,
Үстінде жұлдыз да
Елбіреп-қалтырап,
Жігіт пен ол қыз да [3. 129].

«Жігіт пен қыздың өздері құсап ағаштың жапырақтары да, жұлдыздар да елбіреп, қалтырап тұрғаны – табиғат көрінісі мен адамның көңіл-күйінің ұқсас болуы – сезім-әсерімізді күшейте түсетін көркемдік тәсіл [1. 109]».

«Сен мені не етесің» өлеңі – Абай шығармашылығындағы қалпы бөлек, айрықша ізденістен туындаған және зерттеушілердің назарын ең көп аударған өлеңдерінің бірі. З.Ахметов өлеңді құрылысына қарай талдап: “Сен мені не етесің” өлеңіндегі әр шумағы ұзынды-қысқалы төрт тармақтан құралатын бұл өлшемді Абай өзі де басқа өлеңдерінде қолданбайды” [1. 103], - десе, осы өлеңге тұтас бір мақаланы арнаған Т.Шапай да: «Абайдың өзіне дейін тумаған, одан кейін қайталанбаған, алдында үлгісі, соңында жалғасы жоқ өлең өрнектерінің бірі – «Сен мені не етесің?» [4. 165], - дейді.

Абайдың қыз сұлулығын сипаттаған екі өлеңі – «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» және «Білектей арқасында өрген бұрым». Бірінші өлең туралы М.Әуезовтың айтқан сыны белгілі. Өлеңдегі «жыртақтақтаған», «тыртақтаған» сияқты сөздер, қыз сипатына өлеңнің екінші бөлімінің қосарлануы орынды емес дейді. Әуезов пікірінен соң «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңі 1977 жылы екі бөліп басылады. З.Ахметов ғалымның осы пікірлерін дұрыс қабылдауды және бұл сынның өлеңнің екіге бөлінуіне себеп болмауы керектігін айтады: «... алдымен қыздың сұлулығын, әдемілігін сүйсіне бейнелеп, сырт пішінін, көркін қызықтай келіп, әттең, көркіне үнемі мінезі сай келе бермейді-ау деп өкініш білдіргені қисынды емес пе? Тыңдаушысын сұлу қыздың келісті портретін көзіне айқын елестетіп,

елітіп барып, бірақ осындай көз тартарлық көркі бар сұлудың бәрі ұстамды, мінезді болмайды деп сақтандырғандай айтуы әлдеқайда әсерлі ғой... Шығарма бірыңғай бірсарынды келмей, екі түрлі сарынды шендестіру – мұның өз артықшылығы бар. Мұндай тәсіл поэзиялық шығармада да, әсіресе музыкалық туындыларда да кездесіп отырады [1. 118]». Бұл тұрғыдан Ш.Ибраев зерттеуі ғалым пікірімен үндес. Ш.Ибраев пікірінше өлеңнің осылайша бір-бірімен онша қабыспайтын екі бөліктен тұруы Абайдың ақындық кемшілігі емес, керісінше ақын бұл тәсілді әдейі қолданған. Себебі өлеңнің екінші бөлігінен оқырман алар ой бірінші бөлігіндегі қыздың сұлулығына тамсанып отырған оқырман әсеріне мүлдем қарама-қарсы әсер етеді, ары қарайғы мәтіндік бүтіндігінен туатын мағына қыздың сыртқы сұлулығына кереғар болып шығады. Оқырман әлгі сұлулықты қимағандай, қыздың сыртқы бейнесіне ішкі дүниесі сай болғанын күткендей күй кешеді. Бұл Абайдың қыз бейнесін мейілінше келістіріп суреттеуінің әсері екені сөзсіз [5. 67].

З.Ахметов Абайдың екі өлеңіндегі сұлуды сипаттауы – қазақ поэзиясында бұрыннан бар дәстүр екендігін айта кетеді. Десе де Абай тек дәстүрді жалғастырушы ғана емес. «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі:

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді таяп барсаң тамағына,

Шымырлап бу енеді сүйегіңе [1], - деген жолдар сұлуды сипаттаудың жаңа үлгісін көрсетеді. «Мұнда дайын әдеби үлгіні пайдаланғандықтың ешбір ізі көрінбейді. Осының өзінен біз Абайдың әйел бейнесін суреттеуде алдына қандай мақсат қойғанын да аңғарамыз. Ол қазақ поэзиясындағы әйелдің сұлулығын көркемдеп сипаттайтын үлгіні құптай отырып, осы бағытта жаңаша ізденістер керек екенін жақсы түсінгенін байқаймыз [1. 119]», - дейді.

З.Ахметовтың еңбегі өлеңдердің көркемдік ерекшеліктерін айқындап, мазмұнын, құрылысын талдауымен Абай шығармашылығында маңызды орын алатын махаббат лирикасы туралы құнды мәліметтер береді. Қорыта келгенде, Абайдың махаббат лирикасына арналған З.Ахметов зерттеулері М.Әуезов бастаған жолды жалғастырып, дамытып әкетсе, өзінен кейінгі ізденушілерге де үлгі аларлық, бағыт көрсетерлік бағалы еңбек болды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 2 Әуезов М. Абайтану дәрістері. – Алматы: Рауан, 1994. – 160 б.
- 3 Құнанбайұлы А. Шығараларының екі томдық толық жинағы. Т. 1.: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 296 б.
- 4 Абай мұрасы және қазақстандық қоғамның мәдени құндылықтары. – Т.2. Шапай Т. Абайдың дидары: эссе. – Нұр-Сұлтан: БиКА, 2021. – 250 б.
- 5 Ибраев Ш. Абай феномені: монографиялық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 186 б.